

## 2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 23 наурыз N 433

2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу мақсатында, сондай-ақ "Бюджет жүйесі туралы" Z990357\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын жасау жөнінде бюджеттік комиссия (бұдан әрі - Бюджеттік комиссия) жұмысының жоспар - кестесі **бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Бюджеттік комиссияның қарауына мыналарды енгізсін:

2000 жылдың 12 мамырына дейін республикалық бюджеттік

бағдарламалардың әкімшілері 2001 жылы қаржыландыруға ұсынып отырған республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі мен көлемін;

2000 жылдың 19 мамырына дейін 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерінің тізбесін;

2000 жылдың 26 мамырына дейін:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен келісім бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге 2001-2003 жылдары түсетін түсімдердің болжамын;

2001 жылы жекешелендіруге жататын республикалық және коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін айқындау жөніндегі ұсынысты;

2000 жылдың 7 маусымына дейін:

2001 жылдың 31 желтоқсанына үкіметтік борыштың лимиті, 2001 жылға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің лимиті бойынша ұсыныстарды;

2001 жылы іске асыру міндетті республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша 2001-2003 жылдарға арналған шығыстар мен несиелендірудің болжамды көлемін;

2001 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша республикалық бюджет шығыстарының және оларды несиелендірудің лимиттерін;

2000 жылдың 16 маусымына дейін:

2001 жылға арналған жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимиті, жергілікті атқарушы органдар борышының жиынтық лимиті

жөніндегі ұсынысты;

2001 жылға арналған аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың ең аз мөлшерін;

2000 жылдың 17 шілдесіне дейін:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен нақтыланған 2001 жылға арналған жергілікті бюджеттерге түсімдердің және аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар көлемінің болжамын;

2001 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының көлемімен бірге республикалық бюджеттік бағдарламалардың функционалдық топтары мен әкімшілері бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың нақтыланған тізбесін;

2000 жылдың 24 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін;

2) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне:

2000 жылдың 23 наурызына дейін бюджеттік өтінімнің нысандарын, бюджеттік бағдарламалардың негіздемелері мен есептемелерін;

2000 жылдың 15 маусымына дейін Бюджеттік комиссия бекіткен бюджеттік бағдарламалардың тізбесін, 2001 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының лимиттерін хабарласын;

3) 2000 жылдың 25 тамызына дейін "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

3. Бюджеттік комиссияның қарауына жіберілетін ұсыныстарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мыналар ұсынылсын:

1) мемлекеттік органдар - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

2000 жылдың 14 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі хабарлаған нысан бойынша 2001-2003 жылдарға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша негіздемелермен және есептемелермен бірге ұсыныстарды;

2000 жылдың 3 мамырына дейін:

сыртқы көздердің есебінен олар алатын мақсатты ресми трансферттердің (гранттардың) болжамды түрлері бойынша деректерді;

ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтерді сатудан түсетін түсімдердің көлемін;

22 мамырға дейін аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі мен көлемі бойынша ұсынысты;

2000 жылдың 30 маусымына дейін шығыстар лимиттерінің шегіндегі және

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хабарлаған нысандар бойынша негіздемелермен және есептемелермен бірге бюджеттік өтінімдерді;

2) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (келісім бойынша) 2000 жылдың 3 мамырына дейін бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені және аумақтық бөліністе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссияларының ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін бергені үшін алынатын алым мөлшерлерінің 2001-2003 жылдарға арналған болжамды есептемелерін;

3) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі 2000 жылдың 3 мамырына дейін әскери мүлікті сатудан және жалға беруден түсетін түсімдер бойынша 2001-2003 жылдарға арналған болжамды есептемелерді;

4) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне бере

о т ы р ы п :

1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша аумақтық бөліністе 2000 жылғы 1 қаңтардағы заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарының бар-жоғы туралы мәліметті;

халыққа төлқұжаттар мен жеке куәліктерді сатудан түсетін түсімдердің 2001-2003 жылдарға арналған болжамын;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін аумақтық бөліністе 1999 жыл мен 2000 жылдың соңғы есепті кезеңі үшін мынадай деректерді:

2-қосымшаға сәйкес 1999 жылғы декларациялар бойынша жиынтық деректерді; әлеуметтік салық жөніндегі декларациялар бойынша деректерді; заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының және ішкі өндірістің тауарларына салынатын қосылған құн салығының есептелген және төленген сомасын, заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығының және олар бойынша мониторинг жүргізетін ірі салық төлеушілер бойынша қосылған құн салығының есептелген және төленген сомасын, сондай-ақ олар бойынша кем алыну мен артық төлемнің сомасын; "нөлдік" ставка бойынша өтеуге есептелетін қосылған құн салығының сомасын және өтелген соманы;

төлем көзінен ұсталатын қосылған құн салығын есептеу үшін жеке тұлғалардың есептелген кірістері туралы мәліметтерді;

патенттер бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлердің санын;

куәліктер бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлердің санын;

патенттер бойынша жұмыс істейтін шаруа (фермер) қожалықтарының санын;

куәліктер бойынша жұмыс істейтін шаруа (фермер) қожалықтарының санын;

бір патент құнының орташа айлық мөлшерін, жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары бойынша бір куәлік бойынша төленген салықтың орташа айлық мөлшерін;

1999 жылғы өндірістік қуаттар, іс жүзіндегі өндіріс туралы және алкогольді өнімдер мен этиль спиртіні өндіретін кәсіпорындар бойынша 2001- 2003 жылдарға арналған болжамды ;

мүлікке салынатын салық жөніндегі декларациялар бойынша деректерді (түскен, істен шығарылған негізгі құралдардың құны, 1999 жылдың аяғындағы негізгі құралдардың қалдық құны, салықты есептеу кезінде қабылданатын негізгі құралдардың орташа жылдық құны) ;

1999 жылғы жер салығы жөніндегі декларациялар бойынша деректерді (жер учаскесінің алаңы, 1 га немесе 1 шаршы метр үшін ставка, жер салығының сомасы); бірыңғай жер салығын төлеушілердің санын;

б) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін :

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері бойынша 2001-2003 жылдары консулдық қызмет көрсетулердің есебінен түсетін түсімдердің болжамын ;

"Байқоңыр" кешені объектілерін пайдаланғаны үшін жалгерлік ақының түсуін қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысты;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген Ресей Федерациясының әскери-сынақ полигондарының жер учаскелерін пайдаланғаны үшін алынатын қаражаттың түсуін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды;

7) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсына отырып, аумақтық бөліністе:

қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің; қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін айыппұлдардан, талап-арыздардан түсетін;

тәркіленген аңшылық және балық аулау құралдарын, заңсыз ауланған өнімді сатудан алынатын қаражаттың;

жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін ақының; жануарлар әлемін қорғағаны және өсіргені үшін ақының; жер қойнауы туралы ақпараттарды пайдалануға бергені үшін ақының; тамырынан босатылатын ағаш үшін ақының (саны, орташа таксалар, ақының сомасы) ;

су үшін ақының (су алу лимиті, тарифі, салалар бойынша сомасы) түсімдері туралы 1999 жылғы іс жүзіндегі деректерді және 2001-2003 жылдарға арналған болжамды;

8) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін 2001-2003 жылдары ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне берілген машина жасау өнімдері үшін лизингтік төлемдер бойынша негізгі борышты өтеудің кестесін ;

9) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсына отырып:

Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектронды құралдарды және жоғары сапалы қондырғыларды пайдалануға қосуға байланысты төлемдерді қоса алғанда, радиожиілік ресурсын пайдаланғаны үшін ақының;

кеме қатынасы жолдарын пайдаланғаны үшін ақының;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алымның 2001 жылға арналған болжамдық есептемелерін;

3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша аумақтық бөліністегі заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарының бар-жоғы туралы мәліметті;

10) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін оны бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне бере отырып, аумақтық бөліністе:

мемлекеттік және жеке меншік нотариалдық кеңселердің санының; нотариалдық кеңселер, АХАТ-тар бойынша мемлекеттік баждың сомасының; азаматтық хал-ахуал актілерінің жазбасын тіркеуді жүзеге асыратын ұйымдар санының және мемлекеттік баждың сомасының;

соттар санының және мемлекеттік баж сомасының 1999 жылғы көрсеткіштерін, 2000 жылға арналған бағалау мен 2001-2003 жылдарға арналған болжамды;

11) Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі 2000 жылдың 10 сәуіріне дейін негіздемелермен және есептемелермен бірге 2001 жылға арналған көші-қон квотасының жобасын;

12) Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі 2000 жылдың 3 мамырына дейін бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсына отырып, аумақтық бөліністе санаттар бойынша жердің бар-жоғы, оның балл-бонитетпен бағасы туралы 1999 жылғы факт бойынша деректерді және 2001-2003 жылдарға арналған болжамның есептемесін;

13) Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі 2000 жылдың 10 мамырына дейін бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсына отырып, аумақтық бөліністе 1999 жылғы экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктегіші бойынша заңды тұлғалардың негізгі құралдары (автокөліктен басқа) мен материалдық емес активтерінің бар-жоғы, қозғалысы және құнының есептен шығуы туралы мәліметтерді;

14) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері (келісім бойынша), "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ, "Медетші қор" РМК, "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ, "ТуранӘлемБанк" ЖАҚ, "Қазақстанның Ұлттық Жинақ Банкі" ААҚ, "Цеснабанк" ААҚ, "Қазкоммерцбанк" ААҚ, "Алматы сауда-қаржы банкі" ЖАҚ, "Қазагроөнеркәсіпбанкі" ААҚ, "Нұрбанк" ААҚ, "Банк Центркредит" ААҚ, "

Ертісбизнесбанк" ААҚ, "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" ЖАҚ (келісім бойынша) 2000 жылдың 3 мамырына дейін жасалған шарттардың шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен заңды және жеке тұлғаларға берілген несиелер бойынша негізгі борыш пен сыйақылардың (мүдделердің) сомасын 2001-2003 жылдары өтеу туралы деректерді;

15) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері (келісім бойынша): бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсына отырып, 2000 жылдың 3 мамырына дейін:

жер учаскелерін, жерді тұрақты пайдалану құқығын сатудан, жер учаскелерін жалға беруден алынатын қаражаттың түсімдері бойынша 2001-2003 жылдарға арналған б о л ж а м д ы ;

2001-2003 жылдарға арналған жергілікті бюджеттердің кірістері бойынша түсетін т ү с і м д е р д і ң б о л ж а м ы н ;

жекешелендіруге жататын және жалға берілетін коммуналдық меншік объектілері тізбесінің 2001 жылға арналған болжамын, жалға берілген үй-жайдың орташа құнын;

коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдерді 2000 жылға арналған бағалауды және олардың 2001-2003 жылдарға арналған болжамын;

облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2003 жылдарға арналған индикативтік жоспарларының жобасын;

1 9 9 9 ж ы л ғ ы :

аумақтық статистика органдарымен келісілген жұмысшылар саны, орташа айлық ж а л а қ ы , ж а л а қ ы қ о р ы б о й ы н ш а ;

4-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлкін бағалау құны туралы а н ы қ т а м а н ы ;

жұмыс істеп тұрған базарлардың, автотұрақтардың, автомай құю станцияларының с а н ы м е н а л а ң ы н ы ң ;

2000 жылдың 22 мамырына дейін 2000 жылғы 3 сәуірдегі жағдай бойынша олар тартқан заемдардың қолданылып жүрген портфелі туралы деректерді (заемдардың тізбесін, қаржылық шарттары мен сипаттамасын, іс жүзіндегі жағдайын, қызмет көрсетуі мен өтеуін, өтеу кестелерін, несиелік келісімдерінің көшірмелерін);

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық лотереясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі кеңес 2000 жылдың 3 мамырына дейін бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсына отырып, негіздемелермен және есептемелермен бірге ұлттық лотереяны өткізуден түсетін кіріс сомасының 2001-2003 жылдарға арналған болжамының есебін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

1) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспарының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу кезінде көрсетілген жобаға мынадай көрсеткіштерді енгізуді көздері:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген номенклатура бойынша аумақтық бөліністе заттай және ақшалай сипаттағы өнімдердің маңызды түрлерін өндіруді;

елдер, есептемелердің түрлері бойынша тауарлар мен қызмет көрсетулердің топтары бойынша өнімнің импорты мен экспортын;

оны министрліктерге, агенттіктерге және өзге де орталық мемлекеттік органдарға бір мезгілде хабарлай отырып, аумақтық бөліністе, сондай-ақ тұтынушылар топтары бойынша газға, суға, электр энергиясына, жылуға және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерге бағалар мен тарифтердің деңгейін;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың алдағы он жылдық кезеңіне арналған болжамын дайындау үшін қажетті елдің дамуының 2001-2010 жылдарға арналған маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамын;

жұмыс істеушілердің (шағын кәсіпорындарды ескере отырып) саны мен жалақы қоры бойынша аумақтық бөліністе 2000 жылды бағалау туралы деректерді және 2001-2003 жылдарға арналған болжамды;

аумақтық бөліністе 2001-2003 жылдарға арналған өндіріс өнімдерінің, орындалған жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің көлемі болжамын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген тізбе бойынша өндірілетін өнімнің негізгі түрлеріне арналған орташа бағаның болжамын;

мамандықтардың бөлінісінде 2001-2002 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары және орта арнаулы білімді кадрларды даярлауға қажеттілікті;

білім беру ұйымдарының әрбір түрі мен үлгісі бойынша бір оқушыға, тәрбиеленушіге арналған есептемедегі шығыстарды қаржыландыру нормативтері бойынша негіздемелерді және есептемелерді;

оны бір мезгілде министрліктерге, агенттіктерге және өзге де орталық мемлекеттік органдарға хабарлай отырып, аумақтық бөліністе көлік түрлері бойынша, сондай-ақ тұтынушылар топтары бойынша байланыс қызметіне, жүк және жолаушылар тасымалына қойылатын бағалар мен тарифтер деңгейінің 2001-2003 жылдарға арналған болжамын;

2001-2003 жылға арналған айлық есептік көрсеткіштің, айлық жалақы мен зейнетақының ең аз мөлшерін белгілеу жөніндегі ұсыныстарды;

2) 2000 жылдың 19 мамырына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша 2001-2005 жылдарға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді Бюджеттік комиссияның қарауына енгізісін.

5. Министрліктер, агенттіктер, өзге де орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар 2000 жылдың 10 маусымына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2001 жылы атқарылуы нақты қаржыландыру көздерімен қамтамасыз

етілмеген іс-шараларға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын қосымша жұмсауды туғызуы мүмкін нормативтік құқықтық актілердің әрекетін тоқтату немесе тоқтата тұру,

кезең-кезеңімен қолдануға енгізу жөніндегі ұсыныстарды табыс етсін.

6. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 23 наурыздағы  
N 433 қаулысымен  
бекітілген

2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын  
жасау жөніндегі бюджеттік комиссия жұмысының  
жоспар-кестесі

-----  
N ! Күні ! Қаралатын мәселелердің тізбесі ! Қатысатын мемлекеттік  
! ! ! органдар

-----  
1 12.05.00 2001 жылы республикалық бюджеттік бағ. Қаржымині, республика.  
дарламалардың әкімшілері қаржыландыруға лық бюджеттік бағдар.  
ұсынатын республикалық бюджеттік бағ. ламалардың әкімшілері  
дарламалардың тізбесі мен көлемдері.

-----  
2 19.05.00 2001-2005 жылдарға арналған негізгі Экономикамині,  
макроэкономикалық көрсеткіштер. Қаржымині,  
2001-2005 жылдарға арналған инфляцияның, Ұлттық Банк  
қайта қаржыландырудың ресми ставкалары. (келісім бойынша)  
ның деңгейі, теңгенің есеп айырысу айыр.  
бас бағамын бағалау.  
Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы.  
Қазақстан Республикасының 2001-2003 Қаржымині  
жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің  
болжамдық көрсеткіштерінің тізбесі.

---

3 26.05.00 2001-2003 жылдары республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер. Айлық жалақының, зейнетақының және айлық есептік көрсеткіші ең аз мөлшерлері. 2001 жылы жекешелендіруге жататын республикалық және коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі.

Қаржымині,  
Мемкірісмині,  
Ұлттық Банк  
(келісім бойынша),  
Экономикамині,  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау.

мині

---

4 7.06.00 2001 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша республикалық бюджет шығыстарының және оларды несиелендірудің лимиттері. 2001 жылы іске асырылуға міндетті республикалық бюджеттік бағдарламалардың шығыстары мен оларды несиелендірудің болжамды көлемі.

2001 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үкіметтік борыштың лимиті.

Қазақстан Республикасының 2001 жылға арналған мемлекеттік кепілдіктерін берудің лимиті.

---

5 16.06.00 Жергілікті атқарушы органдардың 2001 жылға арналған қарыз алуының жиынтық лимиті. 2001 жылға арналған жергілікті атқарушы органдар борышының жиынтық лимиті. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бөлінісінде 2001-2003 жылдарға арналған аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың ең аз мөлшері.

---

6 17.07.00 Функционалдық топтар мен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша 2001 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының көлемдерімен бірге республикалық бюджеттік бағдарламалардың нақтыланған тізбесі.

Облыстар, Астана және Алматы қалаларының

---

әкімдері нақтылаған жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің және аса маңызды бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар көлемінің 2001-2003 жылдарға арналған болжамдары.

---

7	24.07.00 Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштері	Қаржымині, Экономикамині
---	--	-----------------------------

---

8	20.08.00 "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңның жобасы	Қаржымині, Әділетмині
---	--	--------------------------

---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 23 наурыздағы  
N 433 қаулысына  
N 1 қосымша  
1-нысан

Заңды тұлғалардың көлік  
құралдарының бар-жоғы туралы  
Мәлімет

---

Облыстардың атауы	!	Жеңіл автомобильдер
	!	-----
	!	көлемі 1100 текше см.дейін !көл.1100-ден 1500 текше
	!	двиг. !см. дейін двиг.
	!	-----
	!	!6 жылға !6 жылдан ! 6 жылдан !6 жылға !6 жылдан !6 жылдан
	!	! дейін !жоғары, !жоғары, ! дейін !жоғары, !жоғары,
	!	! ! ТМД ! шетел ! ! ТМД ! шетел
	!	! ! елдері ! машинасы ! ! елдері !машинасы

---

Ақмола  
Ақтөбе  
Алматы  
Атырау  
Ш-Қазақстан  
Жамбыл

Б-Қазақстан  
Қарағанды  
Қызылорда  
Қостанай  
Маңғыстау  
Павлодар  
С-Қазақстан  
О-Қазақстан  
Астана қаласы  
Алматы қаласы

-----  
Жиыны  
-----

таблицаның жалғасы:  
-----

көл.1500-ден 2000 текше. !көл.2000-3000 текше. !көл.3000-4000 текше.! 4000  
см.дейін двиг. !см.двиг. !см.двиг. !

-----!  
6 жыл.!6 жылдан!6 жылдан!6 !6 жыл. !6 жылдан!6 жыл.!6 жыл.!6 жыл.!  
ға !жоғары, !жоғары, !жылға!дан жо.!жоғары, !ға !дан !дан !текше.  
дейін !ТМД !шетел !дейін!ғары !шетел !дейін !жоғары!жоғары!см.  
! елдері !машинасы! !ТМД ел.!машинасы! !ТМД !ТМД !жоғары  
! ! ! !дері ! ! !елдері!елдері!

-----  
-----  
Ескерту: Автокөлік құралдарының маркалары салық заңдарының 129-бабы  
бойынша салық төлеуден босатылатын көлік құралдарының санын көрсету керек.

2-нысан

Заңды тұлғалардың көлік  
құралдарының бар-жоғы туралы  
Мәлімет  
-----

Облыстардың !жүк машин. жүк көтеруі: ! автобустар !мотоциклдер,  
атауы !-----!-----!мотороллерл.,  
!1,5 тон.!1,5-нан!5 тон. !12 отыр.!12-ден!отырғы.!мотосанилер  
!наға !5 тон. !надан !ғызу ор.!25 от.!зу орны!(двиг.куаты  
!дейін !наға !жоғары !нына !ырғызу!25-тен !55 квт-тан  
! !дейін ! !дейін !орнына!жоғары !төмен  
! ! ! ! !дейін ! !

---

Ақмола  
Ақтөбе  
Алматы  
Атырау  
Ш-Қазақстан  
Жамбыл  
Б-Қазақстан  
Қарағанды  
Қызылорда  
Қостанай  
Маңғыстау  
Павлодар  
С-Қазақстан  
О-Қазақстан  
Астана қаласы  
Алматы қаласы

---

Жиыны

---

3-нысан

Жеке тұлғалардың көлік

құралдарының бар-жоғы туралы  
Мәлімет

-----  
Облыстардың ! Жеңіл автомобильдер

атауы !-----

!көлемі 1100 текше см.дейін !көл.1100-ден 1500 текше

!двиг. !см. дейін двиг.

!-----

!6 жылға !6 жылдан ! 6 жылдан !6 жылға !6 жылдан !6 жылдан

! дейін !жоғары, !жоғары, ! дейін !жоғары, !жоғары,

! ! ТМД ! шетел ! ! ТМД ! шетел

! ! елдері ! машинасы ! ! елдері ! машинасы

-----  
Ақмола

Ақтөбе

Алматы

Атырау

Ш-Қазақстан

Жамбыл

Б-Қазақстан

Қарағанды

Қызылорда

Қостанай

Маңғыстау

Павлодар

С-Қазақстан

О-Қазақстан

Астана қаласы

Алматы қаласы

-----  
Жиыны

-----  
таблицаның жалғасы:

-----  
көл.1500-ден 2000 текше.!көл.2000-3000 текше. !көл.3000-4000 текше.! 4000

см.дейін двиг. !см.двиг. !см.двиг. !

-----!

6 жыл.!6 жылдан!6 жылдан!6 !6 жыл. !6 жылдан!6 жыл.!6 жыл.!6 жыл.!

ға !жоғары, !жоғары, !жылға!дан жо.!жоғары, !ға !дан !дан !текше.

дейін ! ТМД !шетел !дейін!ғары !шетел !дейін !жоғары!жоғары!см.

! елдері ! машинасы! !ТМД ел.!машинасы! !ТМД !ТМД !жоғары

! ! ! !дері ! ! !елдері!елдері!

-----  
-----  
Ескерту: Автокөлік құралдарының маркалары салық заңының 129-бабы бойынша салық төлеуден босатылатын көлік құралдарының санын көрсету керек.

#### 4-нысан

Жеке тұлғалардың көлік

құралдарының бар-жоғы туралы

Мәлімет

-----  
Облыстардың !жүк машин. жүк көтеруі: ! автобустар !мотоциклдер,  
атауы !-----!-----!мотороллерл.,  
!1,5 тон.!1,5-нан!5 тон. !12 отыр.!12-ден!отырғы.!мотосанилер  
!наға !5 тон. !надан !ғызу ор.!25 от.!зу орны!(двиг.куаты  
!дейін !наға !жоғары !нына !ырғызу!25-тен !55 квт-тан  
! !дейін ! !дейін !орнына!жоғары !төмен  
! ! ! ! !дейін ! !

-----  
Ақмола

Ақтөбе

Алматы

Атырау

Ш-Қазақстан

Жамбыл

Б-Қазақстан

Қарағанды

Қызылорда

Қостанай

Маңғыстау

Павлодар

С-Қазақстан

О-Қазақстан  
Астана қаласы  
Алматы қаласы

-----  
Жиыны  
-----

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 23 наурыздағы  
N 433 қаулысына  
N 2 қосымша

\_\_\_\_\_ облысы бойынша 1999 жылғы жиынтық табыс,  
жүргізілген шегерімдер, заңды тұлғалардан алынатын қосылған құн  
салығының есептелген және төленген сомалары туралы көрсеткіштер  
мың теңге

-----  
!түзетуден !шегерімдер !салық !27-бапқа сәйкес  
!кейінгі жыл. !барлығы, 31- !салынатын !көшірілген кәсіп.  
!дық жиынтық !жол бойынша !табыс, 32- !керлік қызмет сал.  
!табыс, 18-жол! !жол бойынша!дарынан болған  
!бойынша ! ! !шығындар

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5  
-----

облыс бойынша  
барлығы  
оның ішінде ірі  
салық төлеушілер  
бойынша:

1.

2.

және с.с.

-----  
ірі салық  
төлеушілер  
бойынша жиыны  
Өзге де

төлеушілер  
Облыс бойынша  
барлығы

---

таблицаның жалғасы:

---

34-бапқа сәйкес !көшірілген шығындар !есептелген !төленген ! кем алыну  
салық салудан !және берілген жеңіл.!салықтың !салықтың !- артық  
босатылған табыс!діктер ескерілген !барлығы, 36-!барлығы !төлеу +  
34-жол бойынша !салық салынатын !жол бойынша !

!табыс, 35-жол !

!бойынша !

---

6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10

---

---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 23 наурыздағы  
N 433 қаулысына  
N 3 қосымша  
1-нысан

Заңды тұлғалардың көлік  
құралдарының бар-жоғы туралы  
Мәлімет

---

Облыстардың !кәтерлер, кемелер, баржалар, яхталар двиг.қуаты:

атауы !-----

!160 ат күшіне !160-тан 500 ат !500-ден 1000 ат !1000 ат кү.

! дейін ! күшіне дейін ! күшіне дейін !шінен жоғары

---

Ақмола  
Ақтөбе  
Алматы  
Атырау  
Ш-Қазақстан  
Жамбыл

Б-Қазақстан  
Қарағанды  
Қызылорда  
Қостанай  
Маңғыстау  
Павлодар  
С-Қазақстан  
О-Қазақстан  
Астана қаласы  
Алматы қаласы

-----  
Жиыны  
-----

таблицаның жалғасы:  
-----

1.04.99 ж. дейін сатып алынған ұшу ! 1.04.99 ж. кейін сатып алынған ұшу  
аппараттары ! аппараттары

-----  
пайдал. !5-тен 15 ! 15 жылдан ! пайдал. !5-тен 15 ! 15 жылдан  
уақыты 5 ! жылға ! жоғары ! уақыты 5 ! жылға ! жоғары  
жылға дейін ! дейін ! !жылға дейін ! дейін !  
-----

2-нысан

Жеке тұлғалардың көлік  
құралдарының бар-жоғы туралы  
Мәлімет

-----  
Облыстардың !каторлер, кемелер, баржалар, яхталар двиг.қуаты:  
атауы !-----

!160 ат күшіне !160-тан 500 ат !500-ден 1000 ат !1000 ат кү.  
! дейін ! күшіне дейін ! күшіне дейін !шінен жоғары  
-----

Ақмола  
Ақтөбе  
Алматы  
Атырау

Ш-Қазақстан  
Жамбыл  
Б-Қазақстан  
Қарағанды  
Қызылорда  
Қостанай  
Маңғыстау  
Павлодар  
С-Қазақстан  
О-Қазақстан  
Астана қаласы  
Алматы қаласы

-----  
Жиыны  
-----

таблицаның жалғасы:  
-----

1.04.99 ж. дейін сатып алынған ұшу ! 1.04.99 ж. кейін сатып алынған ұшу  
аппараттары ! аппараттары

-----  
пайдал. !5-тен 15 ! 15 жылдан ! пайдал. !5-тен 15 ! 15 жылдан  
уақыты 5 ! жылға ! жоғары ! уақыты 5 ! жылға ! жоғары  
жылға дейін ! дейін ! !жылға дейін ! дейін !  
-----

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 23 наурыздағы  
N 433 қаулысына  
N 4 қосымша  
Жеке тұлғалардың жылжымайтын  
мүлкінің бағалау құны туралы  
Анықтама  
(мың теңге)

-----  
N ! Көрсеткіштер ! 1999 жылғы ! 2001 ж.  
! ! іс жүзіндегі ! арналған болжам

- 
- 1 Жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлкінің құны - Барлығы
  - 2 Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың мүлкінің құны
  - 3 Кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмаған мүліктің құны оның ішінде:
    - 1 млн. теңгеге дейін
    - 1-ден 2 млн. теңгеге дейін
    - 2-ден 3 млн. теңгеге дейін
    - 3-ден 4 млн. теңгеге дейін
    - 4-тен 5 млн. теңгеге дейін
    - 5-тен 6 млн. теңгеге дейін
    - 6-дан 7 млн. теңгеге дейін
    - 7-ден 8 млн. теңгеге дейін
    - 8-ден 9 млн. теңгеге дейін
    - 9-дан 10 млн. теңгеге дейін
    - 10 млн. теңге
    - 10 млн. теңгеден жоғары
- 

- 4 Салық салу бойынша жеңілдіктері бар азаматтар санатының саны (Салық заңының 134-бабының 2-тармағы)
- 

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.